

2021 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 19 наурыздағы № 3-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 6861 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған 2021 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №33-2 "2020 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде №6090 тіркелген, 2020 жылғы 26 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Жоламанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Н. Серғалиев
Б. Конысбаева

Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 19 наурыздағы
№ 3-5 шешімімен бекітілген

2021 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлем мөлшерлемелері (теңге)

1	Тұрғын үйді пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 тек.м.	162,59
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 тек.м.	465,19
3	Ауыл шаруашылығы	1000 тек.м.	130,98
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 тек.м.	126,46
5	Су көлігі	1000 т.км	15,81

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

тек.м. – текше метр;

т.км – тонна километр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ